

## **«Гандбол ойынының техникасы мен тактикасын жетілдіру» республикалық оқу-практикалық семинары**

ҚР БҒМ Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесінің орталығы, Гандбол Қазақстан федерациясы мен Атырау облысының білім беру басқармасының Атырау аймақтық Дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығымен бірлесе отырып, Атырау облысының жалпы білім беру мектептерінің дене тәрбиесінің мұғалімдері арасында «Гандбол ойынының техникасы мен тактикасын жетілдіру» республикалық оқу-практикалық семинары өткізілді.

Семинар 2019 жылдың сәуір айының 9-10 күндері аралығында Атырау қаласының Х.Доспанованың атындағы № 18 орта мектебінің базасында өтті.

Семинардың бірінші күнінде Атырау облысының барлық аудандарынан 77 дене тәрбиесінің мұғалімдері қатысты. Ең көп қатысқан Құрманғазы ауданынан -15 дене тәрбиесінің мұғалімі. Екінші күні Атырау қаласының барлық мектептерінен 120 дене тәрбиесінің мұғалімдері қатысты.

Іс-шарада: ҚР БҒМ Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының талдау-инновациялық және статистика-ақпараттық жұмысы зертханасының басшысы – Айзаков А.Д., Атырау облысының білім беру басқармасының Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының директоры – Жекенов С.С., Атырау облысы гандбол федерациясының төрағасы Мусин Р.А., гандболдан облыс аға жаттықтырушысы, жоғары санатты Сирота Л.В., аудандық білім беру бөлімінің әдіскерлері және дене тәрбиесінің мұғалімдері қатысты.

Гандболдан облыс аға жаттықтырушы Сирота Лариса Владимировна және «Барыс» БЖДШДК-ның гандбол ойыншылары бірлесе теориялық және практикалық бөлімдерді өткізді.

Теориялық бөлімде Республикада және Атырау облысында гандболдың дамуы туралы, гандбол ойының техникалық ерекшеліктері, ойынның негізгі ережелері, төрешілік қағидалары бойынша ақпарат берілді. Сонымен бірге дене тәрбиесі сабағы бойынша гандбол ойының сабақ жоспары да ұсынылды.

Практикалық бөлімінде дене тәрбиесінің мұғалімдері 5-8 және 9-11 сыныптарында дене тәрбиесі сабағында гандбол спорттық ойының ұйымдастыруымен танысты, гандбол ойының негізгі техникалық және тактикалық тәсілдері көрсетілді.

Сондай-ақ 5-8 және 9-11 сынып оқушыларының арасында қойлымды жаттығу ойын өткізілді.

Практикалық бөлімінің аяқталуында семинар қатысушылардың 4 командасы арасында блиц-турнир өтті. Сонымен қатар турнирдің төрешілігі мен хатшылығы семинар қатысушыларының қатарынан құрылды.

Жоғарғы санаттағы жаттықтырушы Сирота Л.В. семинар қатысушыларының көптеген сұрақтарына жауап берді.

Семинар жоғары әдістемелік және ұйымдастырушылық деңгейде өтті.

Барлық республикалық оқу-практикалық семинардың қатысушыларына ҚР БҒМ Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының және Гандбол Қазақстан федерациясының сертификаттары ұсынылды.

Аудандық Білім беру бөлімдерінің әдіскерлері және Атырау облысының білім беру басқармасының Атырау облысы аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының мамандары іс-шараны жоғары әдістемелік деңгейде өткізген үшін ҚР БҒМ Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының алғыс хаттарымен марапатталды.